



БҰЙРЫҚ

2024 жыл 12 қыркүйек
Ақтөбе қаласы

№ 322

ПРИКАЗ

город Актобе

«Тамақтану сапасына мониторинг жүргізу,
Бракераж комиссиясын құру туралы»

ҚР Денсаулық сақтау министрінің 2022 жылғы 17 ақпандағы №16 бұйрығымен бекітілген. «Білім беру объектілеріне қойылатын санитарлық –эпидемиологиялық талаптар» санитарлық қағидаларын, «Орта білім беру ұйымдарында білім алушыларды тамақтандыруды ұйымдастыру, сондай-ақ мектепке дейінгі ұйымдарда , жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға арналған білім беру ұйымдарында тәрбиеленетін және білім алатын балаларды тамақтандыруды қамтамасыз етумен байланысты тауарларды сатып алу қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы № 598 бұйрығын басшылыққа ала отырып

БҰЙЫРАМЫН:

1. ҚР Денсаулық сақтау министрінің 2022 жылғы 17 ақпандағы №16 бұйрығымен бекітілген «Білім беру объектілеріне қойылатын санитарлық- эпидемиологиялық талаптар » санитарлық қағидалары басшылыққа алынып, тиісті іс -шаралар жоспарлансын.
2. Мектеп асханасының ас блогтарында дайын тағамдар сапасына органолептикалық бақылау жүргізу, асхананың санитарлық жағдайын бақылау, тамақтану сапасына мониторинг жүргізу мақсатында бракераждық және мониторингтік комиссия тобы құрылсын.
З.Б.Калыбаева – комиссия төрағасы, мектеп директоры
А.С.Орынбасарова- комиссия хатшысы, әлеуметтік педагог
Л.УКусайнова-комиссия мүшесі, тәрбие ісі жөніндегі орынбасары
С.А.Нугуманова- комиссия мүшесі, мектеп медбикесі
Ф.Шарипова-комиссия мүшесі, қамқоршылық кеңесінің төрағасы
3. Тамақтану сапасына мониторинг жүргізу бойынша комиссияның құрамына төмендегі міндеттер түсіндірілсін:
 - Ас блогындағы, асхана жұмысының ұйымдастырылуы;
 - тамақ өнімдерінің сапасын, оларды тасымалдау , жеткізу, түсіру, сақтау шарттарын;
 - өнімдерді өткізу мерзімдерін;
 - тамақ дайындау сапасын;
 - тамақтың балалардың негізгі тағамдық заттарға физиологиялық қажеттіліктеріне сәйкестігі;
 - ас блогы қызметкерлерінің жеке гигиена ережелерін сақтауын бақылау.

4. Осы бұйрықтың орындалуын бақылауды директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары **Л.УКусайноваға** міндеттеймін.

Негізі: ҚР ДСМ 17.02.2022 жылғы №16 қаулысы

Мектеп директоры:  **З.Б.Калыбаева**



Таныстым 